Әділет

# 2014 жылға өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері

*Күшін жойған*

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 12 мамырдағы N 581 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 мамырда N 4674 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі N 638 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 10.07.2014 N 638 қаулысымен.

"Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы N 221 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Белгіленсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес басым дақылдардың тізбесі және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес субсидияланатын гербицид түрлері және гербицидтерді жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограмына (литріне) арналған субсидия нормалары;

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормалары.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев*

К Е Л І С І Л Д І
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
____________ А. Мамытбеков
2014 жылғы "14" мамыр

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы "12" мамырдағы
N 581 қаулысына 1-қосымша

## Басым дақылдардың тізбесі және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

| р/с | Басым дақылдардың тізбесі | Бір гектарға субсидия нормасы, теңге |
|---|---|---|
| 1 | Күріш | 25000 |
| 2 | Дәндік жүгері | 2500 |
| 3 | Майлы дақылдар | 3100 |
| 4 | Картоп | 10000 |
| 5 | Көкөніс-бақша дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда) | 9000 |
| 6 | Ауыл шаруашылығы дақылдарын ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіру | 25000 |
| 7 | Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары | 3000000 |
| 8 | Сүрлемдік жүгері | 2500 |
| 9 | Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер | 1500 |
| 10 | Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көп жылдық шөптер | 600 |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы "12" мамырдағы
N 581 қаулысына 2-қосымша

## Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| р/с | Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері | Өлшем бірлігі | Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы | Бір бірлікке арналған субсидия нормасы,теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аммиак селитрасы (N-34,4%) | тонна | 49,9 | 28 842 |
| 2 | Аммофос (N-10%, $P_2O_5$ -46 %) | тонна | 49,9 | 44 910 |
| 3 | Фосфорит ұны ($P_2O_5$ -17%) | тонна | 49,9 | 8 193 |
| 4 | Жай суперфосфат ($P_2O_5$ -19 %) | тонна | 49,9 | 24 451 |
| 5 | Аммоний сульфаты (N-21%) | тонна | 49,9 | 22 569 |
| 6 | Байытылған суперфосфат ($P_2O_5$ -21,5 %) | тонна | 49,9 | 15 968 |
| 7 | Супрефос-NS (N-12%, $P_2O_5$-24%)+(Ca;Mg;$SO_3$) | тонна | 49,9 | 44 910 |
| 8 | "Б" маркалы микротыңайтқыш "МЭРС " | литр | 49,9 | 5 988 |

Ескерту:
N – азот;
$P_2O_5$– фосфор.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы "12" мамырдағы
N 581 қаулысына 3-қосымша

## Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары

| р/с | Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері | Өлшем бірлігі | Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы | Бір бірлікке арналған субсидия нормасы,теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Карбамид (N-46,3%) | тонна | 29,9 | 25 415 |
| 2 | Аммоний сульфаты (N-21%) | тонна | 29,9 | 10 465 |
| 3 | Нитроаммофоска (N-15%, P-15%, K-15%) | тонна | 29,9 | 29 900 |
| 4 | Аммоний сульфаты ( Капролактамды) (N-21%, ) | тонна | 29,9 | 11 577 |
| 5 | КАС (калий аммиак селитрасы) N-27-33% | литр | 29,9 | 14,95 |

Ескерту:
N – азот;

Р – фосфор;
К – калий.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы "12" мамырдағы
N 581 қаулысына 4-қосымша

## Субсидияланатын гербицид түрлері және гербицидтерді жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограмына (литріне) арналған субсидиялар нормалары

| р/с | Субсидияланатын гербицидтердің түрлері | Өлшем бірлігі | Бір өлшем бірлігінің к арзандату пайызы |
|---|---|---|---|
| 1 | Клиник, 36%, с.е. (глифосат қышқылы 360 г/л) | кг (л) | 49,9 |
| 2 | Ураган Форте, 500, с.е. (глифосат қышқылы 500 г/л) | кг (л) | 49,9 |
| 3 | Торнадо, 50% с.е. (глифосат қышқылы 500 г/л) | кг (л) | 49,9 |
| 4 | Солито, 320, к.э. (претилахлор, 300 г/л + пирибензоксим, 20 г/л) | кг (л) | 29,9 |
| 5 | Номини, 400, с.к. (биспирибак натрийі,400г/л) | кг (л) | 29,9 |
| 6 | Рейнбоу, 25 ОД, м.ш. (пеноксулам, 25 г/л) | кг (л) | 29,9 |
| 7 | Боливер, 50% с.д.т. (азимсульфурон, 500 г/кг | кг (л) | 29,9 |
| 8 | Гулливер, с.д.т. (азимсульфурон, 500 г/кг) | кг (л) | 29,9 |
| 9 | 2М-4Х 750, 75% с.е.к. (диметиламинді тұз) | кг (л) | 29,9 |
| 10 | Базагран, 48% с.е. (бентазон, 480 г/л) | 29,9 | 730 |
| 11 | Гезагард, 500, к. с. (прометрин, 500 г/л) | кг (л) | 29,9 |
| 12 | Пантера, 4% к. э. (40 г/л) | кг (л) | 29,9 |

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:
г/кг – грамм/килограмм;
г/л – грамм/литр;
кг (л) – килограмм (литр);
к.э.-концентратты эмульсия;
м.ш. - майлы шашырама;
с.е.к.-суда еритін концентрат;

с.д.т.- сулы дисперленген түйіршік;
с.к.- сулы концентрат;
с.е.- сулы ерітінді;
к.с.- концентратты суспензия.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы "12" мамырдағы
N 581 қаулысына 5-қосымша

## Жеміс - жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге жұмсалған шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормалары

| Жеміс-жидек дақылдарының түрлері | Отырғызу сызбасы | 1 гектарға қажетті көшеттер саны | Көшеттер жасы | Бірінші жылы отырғызуға және өсіруге кететін шығындардың субсидия нормасы 1 гектар/теңге | Екінші жылы өсіруге жұмсалған шығындардың субсидия нормасы 1 гектар/теңге | Үшінші жылы өсіруге жұмсалған шығындардың субсидия нормасы 1 гектар/теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Алмұрт | 5х4 | 500 | -- | 680554 | 25671 | 27478 |
| | 4х1,5 | 1667 | -- | 1032955 | 33684 | 37633 |
| Қара өрік | 5х4 | 500 | -- | 682693 | 26096 | 28018 |
| | 5х3 | 667 | -- | 706714 | 26096 | 28018 |
| Шабдалы | 5х4 | 500 | -- | 682693 | 26096 | 28018 |
| | 5х3 | 667 | -- | 706714 | 26096 | 28018 |
| Шие және қызыл шие | 5х4 | 500 | -- | 682693 | 26096 | 28018 |
| | 5х3 | 667 | -- | 706714 | 26096 | 28018 |
| | 6х3 | 556 | -- | 690748 | 26096 | 28018 |
| Өрік | 5х3 | 667 | -- | 777780 | 28199 | 31048 |
| | 5х2,5 | 800 | -- | 796911 | 28199 | 31048 |
| | 6х4 | 417 | -- | 671678 | 27855 | 28968 |
| | 5х3 | 667 | бір жылдық | 784791 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 812203 | 29050 | 32128 |
| | 5х2 | 1000 | бір жылдық | 832690 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 873787 | 29050 | 32128 |
| | 5х2,5 | 800 | бір жылдық | 803922 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 836799 | 29050 | 32128 |
| | 4х2,5 | 1000 | бір жылдық | 832690 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 873787 | 29050 | 32128 |
| | 4х2 | 1250 | бір жылдық | 881401 | 30455 | 33926 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Алма | | | екі жылдық | 932772 | 30455 | 33926 |
| | 4х1,25 | 2000 | бір жылдық | 1080854 | 33684 | 37633 |
| | | | екі жылдық | 1163048 | 33684 | 37633 |
| | 4х1 | 2500 | бір жылдық | 1182622 | 35822 | 40333 |
| | | | екі жылдық | 1285365 | 35822 | 40333 |
| | 3,5х0,8 | 3572 | бір жылдық | 1471721 | 42054 | 47377 |
| | | | екі жылдық | 1618521 | 42054 | 47377 |
| | 3,5х1 | 2857 | бір жылдық | 1233973 | 35822 | 40333 |
| | | | екі жылдық | 1351387 | 35822 | 40333 |
| | 3,5х1,25 | 2286 | бір жылдық | 1151841 | 35822 | 40333 |
| | | | екі жылдық | 1245789 | 35822 | 40333 |
| | 3,3х1 | 3030 | книп-баум | 1383381 | 35822 | 40333 |
| Айва | 6х4 | 417 | -- | 671595 | 27219 | 29066 |
| Жүзім | 3х2 | 1667 | -- | 629991 | 296762 | 40333 |
| | 3х1,75 | 1905 | -- | 607852 | 296762 | 40333 |
| | 3х1,5, 2,25х2 | 2222 | -- | 620880 | 296762 | 40333 |
| | 2,25х1,75 | 2565 | -- | 634976 | 296762 | 40333 |
| | 3х1,25 | 2667 | -- | 639168 | 296762 | 40333 |
| | 2,25х1,5 | 2942 | -- | 650470 | 296762 | 40333 |
| | 3х1 | 3333 | -- | 666539 | 296762 | 40333 |
| | 2,25х1,25 | 3571 | -- | 676320 | 296762 | 40333 |
| | 2,25х1 | 4445 | -- | 712239 | 296762 | 40333 |
| | 2,25х0,8 | 5556 | -- | 757897 | 296762 | 40333 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК